

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 09 (539) 31 қазан 2023 жылы

ЭКОЛОГИЯ МИНИСТРІ АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БОТАНИКАЛЫҚ БАҒЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстанның Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи университетіне қарасты Ботаникалық баққа арнайы келіп, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Университеттің Ботаникалық бағының құрылғанына 30 жылға жуық уақыт болған. 88 гектар аумақты қамтитын баққа елімізден және жақын шет елден 59 туыс, 28 тұқымдас, 127 түрлі декоративті, жеміс-жидек, ағаш бұталы және гүлді өсімдіктер интродукцияланып, өңірдің қатал климаттық жағдайына бейімделген коллекциясы жинақталған.

Оқу орны ректоры Жанар Темірбекова министрге бақтағы жалпы жұмыстар, өсірілетін ағаш пен өсімдік түрлері, жылыжайлар, іске асып жатқан ғылыми жобалар туралы баяндады. «Ботаникалық бақты ғылыммен дамытпаса, ол жай ғана парк болып есептеледі. Сондықтан түрлі тәжірибелерді пайдаланып, лабораториялық жұмыстарға көптеп мән беру керек», — деді Ерлан Нысанбаев.

Экология және табиғи ресурстар министрі оңтүстік өңірді жасыл аймаққа айналдыру үшін университеттің ботаникалық бағын пайдалануға болатынын айтты. Сондай-ақ, министр Ботаникалық бақ мамандарына ағаш-бұталарды жерсіндіру, дұрыс отау, тамырымен отырғызу, дұрыс күтім жасау бойынша кеңестерін айтты.

Ерлан Нысанбаев бақ аумағында құрылып жатқан жаңа цехті де аралады. Мұнда университет ғалымдары жеңіп алған коммерцияландыру жобасы аясында жұмыстар жүргізіледі. Атап айтар болсақ, Ботаникалық бақта өсірілген жеміс ағаштарының өнімдерінен кептірілген жемістер әзірленіп, сатылымға шығарылады.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Ботаникалық бақтың әлеуеті қазіргіден де жоғары екенін айтып, ұжымға және ғалымдарға сәттілік тіледі.

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ!

Биыл Түркия Республикасының құрылғанына – 100 жыл. 29-қазан 1923 жыл – Мұстафа Кемаль Ататүрік Түркияны республика деп жариялап, тарихтың жаңа парағын ашқан, елін үлкен бақытқа бөлеген күн. Түркияның «Республика күні» – қос мемлекеттің ынтымақтастығының символына айналған университетіміз үшін де үлкен мәнге ие. Жылдағы дәстүр бойынша оқу ордамызда бауырлас мемлекеттің ғасырлық мерейтойы аталып өтті.

Тарих сахнасында аты алтын әріппен қалған, 600 жыл ғұмыр кешкен Осман империясының жалғасы болған Түркия бүгінде дүниежүзінде экономикасы дамыған 20 елдің қатарында. Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш мойындап, қуанышын бөліскен Түркияның айтулы мерекесіне Қазақстанда ортақтасып, ыстық ықыласын білдіруде. Жиын Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемаль Ататүрік пен республика құру жолында жанын пида еткен барлық шейіттерді және 28-қазан күні Қарағанды облысында болған шахтадағы жарылыс кезінде көз жұмған 46 отандасымыздың рухтарына тағзым етіліп, 1 минуттық үнсіздікпен басталды. Келесі кезекте екі мемлекеттік әнұрандары шырқалып, туы желбіреді.

халықаралық платформада биік дәрежеге жетті. Өткен кезеңдерде барлық мемлекеттік салада қол қойылған келісімдер нәтижесінде елдер арасындағы қарым-қатынастың нығая түскені баршаға белгілі. Екі жақты бұл қатынас стратегиялық серіктестік деңгейінен кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті», — деді.

Құттықтау сөз кезегін алған университетіміздің ректор өкілі Пейами Баттал да Түркияның Республика күнімен барша қауымды құттықтады. Түркияның тәуелсіз мемлекет ретінде жариялануы кезеңі мен соңғы 100 жылда басынан өткен қиын-қыстау күндері жөнінде баяндады. 1 ғасыр ғұмырында егемендігін жоғалтпай, түрлі реформаларды жүзеге асырып, дағдарыс дауылдарынан өткен Түркияның күш-жігері туралы өткір ойын жеткізді.

Жиында аға оқытушы Эрен Ақдениз «Түркия Республика күнінің мәні мен маңызы» тақырыбында баяндама оқыды.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Мақсат Айтжановтың режиссерлігімен, «Актерлік өнер» мамандығының студенттері ержүрек түрік елінің егемендік жолындағы күресі жайлы қойылым қойды. Аталған қойылым залда жиналған көрерменнің



Алғашқы сөз тізгінін алған университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова Түркия Республикасының 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтады. Сондай-ақ, Түркияның республика күні жарияланған кезеңнің қысқаша тарихын баяндап өтті. Қазақстан мен Түркияның бауырлас ел ретіндегі ара-қатынасы, қос елдің қолдауымен ашылған университеттің маңызы жөнінде айтты. Түркияның бүгінгі таңдағы әлеуеті мен әлем елдері арасындағы саяси-экономикалық нарығы, жеткен жетістіктерін тізбектеп көрсетті. «Түркия – Қазақстан тәуелсіздігін алғаш мойындаған ел болумен қатар, қазақ халқымен тарихи, мәдени байланысы терең мемлекет. Соңғы 30 жылда екі ел ынтымақтастығы екі жақты деңгейде

көзіне жас ұялатпай қоймады. Түркияның ақ таңы үшін күрескен қайраткерлері мен жауынгерлері, халқы, олардың күрес жолында бір кісідей қайғы-қасіретін бөліскен қазақ жұртының ақ ниетін бейнелеген қойылымға халық тік тұра қол шапалақтады.

Айта кетейік, Түркия Республикасының айтулы мерекесі 28-қазан күні Қарағанды да шахта жарылысынан қаза тапқандар рухына тағзым ретінде, қабырғасы қайысқан елде ән-шашусыз өтті. Түркияның 100 жылдығына орай мерекелік концерт алдағы уақытта өтеді деп жоспарлануда.

МӘДЕНИЕТ

ӨМІРДІҢ ӨЗІ ТЕАТР, АДАМДАР ОНЫҢ АКТЁРЛАРЫ

Күнделікті күйбең тірлікпен жүріп кейде көп дүниеге мән бермей өте шығамыз. Соңғы күндері уақыт өте жылдам өтіп жатқандай әсерде жүрмін. Әлде маған солай көрінеді ме, білмедім? Бірақ, есейген сайын осыны аңғарып келемін. Кейде оңашада өз-өзіммен сырласамын. Өткен күндерімді, балалық, жастық шағымды сағынамын. Адамның ойы – жүйрік. Қиялыңның көк дөненіне мінсең бітті, еріксіз әр жаққа алып кете барады.

Қыркүйектің соңғы апталарында, Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театрында комедия жанрында сахналанған Е.Әлімжановтың «Бір қазаққа – бір қатын», Қ.Жүнісовтің «Ғашықтар хикаясы» қойылымдарын тамашаладым. Бұдан бұрын да бірнеше рет көргенмін. Десе де әр шығарылымға барған сайын, жаңаша әсер аламын.

Ағылшынның атақты драматургы Уильям Шекспирдің «Өмірдің өзі театр, адамдар оның актёрлары» деген сөзі еріксіз ойыма оралды. «Жалпы алғанда, драматургия дегеніміз – қандайда бір халықтың немесе жазушының белгілі дәуір мен кезеңдегі драмалық шығармаларының жиынтығы. Драматургиялық шығармалардың алғашқы үлгілері Ежелгі Грекияда діни дәстүрлерден (Дионис құдайға табынудан) басталған. Олардың сюжетінің негізін құдайлар мен мифтік кейіпкерлер құрады. Ежелгі гректер драматургиясы құдайлардың әділеттілігі мен



әлемдік тәртіп туралы ой толғады. Адамның құқығы мен оны қайғы-қасіретке душар ететін жағдайларға қарсы наразылықты бейнелеп, көрсетті. Адамдардың кемшіліктері мен кемістіктеріне, олардың бір-бірімен қарым-қатынастарына күліп, діни табынушылықтарына күмәнмен қарады. Осылайша драматургияның комедия мен трагедия жанрлары туды».

Маған «театр – жаныңның сарайын ашатын, бір сәтке болса да, қым-қуыт өмірдің шеңберінен шығарып, еркіндігіңді сезіндіріп, басыңдағы жүгеніңді сыпырып, шылбырынан босататын күш» секілді көрінеді. Міне, соны тағы да сезінгендей күйдемін.

Түркістанда ең алғаш Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылған кезде, театр актёрларын дайындайтын мамандық өз жұмысын бастады. Оның жетекшілігіне Райымбек Сейтметов келді. Ол кезде бұл ерлікпен пара-пар іс болатын. Неге десеңіз, тоқыраудың толқыны үстемдік құрып тұрған уақытта, жылы орны мен жайлы тұрмысын тастап, «артыма із қалдырам, халқыма пайдалы дүние берем» деп саналы түрде келу – шын мәнісінде ердің ері, азаматтың арлысына ғана тән іс болатын. Үміті алдамаған екен. Арманына жетті. Түркістанда театр туралы ұғымды қалыптастырды. Жаңа леп келді. Өзі өмірден өтіп кетсе де, қалдырған ізі уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Ия, ия. Біз сөз етіп отырған жоғарыдағы қойылымдардың көркемдік бояуын қанықтырып жеткізген, оны халыққа ұсынып жүрген актёрлер Райымбек Сейтметовтің шапанынан шыққан – ізбасарлары.

Жүрек қалауымен актёрлік мамандықты меңгеріп, ширек ғасырды артқа тастап, бүгінгі таңда өз ісінің маманы болған, өнерлі жандарға айтар алғысымыз шексіз. Көрерменнің көзайымына айналып, театр мен өмір сахнасында жүзген кемелеріңіздің желкені керіліп, асау толқындарға дес бермей алға құлаштаңыздар.

Данияров Талғат ӘБУБӘКІРҰЛЫ
П.ғ.к., профессор
02.10.2023ж
сағ 01.21

ЕРЕКШЕ ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІКТЕРІ – «ЖАСТАР»



Театр - мәдениет пен көркем шығармашылықтың ордасы. Театр - адамға өзгеше сезім мен әсер қалдыратын шынайы көрініс. Биыл еліміздегі театр сүйер қауымның ортасы толды. Өнер саласына жаңадан келген театр ұжымдары да аз емес. Жан түршігерлік драма қойылымдары мен астарында терең ащы шындық жатқан комедия жанрлары көңілге бөлек ой салады. Сондай бір ерекше сезім мен толқынысты бастан кешіре отырып, осы бір көркем әлемді қалай бағаламауға болады. Осындай сезімдерді сыйлайтын еліміздегі үлкен театрлардың бірі Астана қаласындағы «Жастар» театры. Осы жылы театрдың он жетінші маусымы ашылды. Маусымның ашылуына орай театр орыс драматургы Николай Гогольдің «Ревизор» атты шығармасын қойылым ретінде көрермен назарына ұсынды.

«Жастар» театрының бұдан өзге көңіл тебіrentетін қаншама қойылымдары көрермен көңілінен шыққан. «Жастар» театр ұйымы қазіргі кезге дейін өздерінің ерекше болмыстары мен өнерлері арқылы көрермен жүрегіне жол тапқан жаңашыл театр. Өрдайым ізденіс пен еңбекті қажет ететін театр әлеміне жаңаша леп берген театр ордасы.

Жастар театры Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен 2007 жылы 5 шілдеде құрылды. Өнер ордасы өз шымылдығын Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбаевтың «Шыңғысхан» спектаклімен түрді. Жас театрдың тұңғыш директоры қызметіне Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Ғани Құлжанов тағайындалды. 2013-2015 жылдары театр тізгіні Айболат Сексенбаевта болды. Бүгінгі таңда бұл қызметті Ернар Жұматаев абыроймен атқарып келеді. Театрдың негізін қалаушы, көркемдік жетекші және бас режиссер — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай. Театр актерлерінің 99%-ы — Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының түлектері, профессор, ҚР білім беру ісінің үздігі, режиссер Нұрқанат Жақыпбай шеберханасында тәрбиеленген шәкірттер.

Театр сахнасына жаңаша көзқарас алып келген «Жастар» театры репертуарындағы елімізге еңбегі сіңген актер Қанат Жүнісовтың «Пранк махабат» қойылымы. Қойылым режиссері актер Дәурен Серғазин. Қойылымда жалындаған жастық шақ пен студенттік өмірдің қайталанбас бейнесін комедия жанры арқылы ерекше етіп жеткізген. Мұндағы әрбір бейне мен оқиғаның астарында жастық дәуреннің ең қызықты шақтарына деген сағыныш пен қайта ораламайтын бақытты естеліктер жатыр. Бұл қойылым әр адамға өз жастық шақтарын еске түсіріп, көз алдарына елестетуге бір мүмкіндік берген айрықша туынды.

Театрдан әр адам өзіне керекті дүниесін алып кетері хақ. Алайда, бұл әлемнің аурасы мен вайбы өз алдына бөлек. Көрермен мәдени азық алатын бұл өнер ордасына сәттілік тілейміз. Адамға шабыт пен жанға жайлы тыныштық сыйлайтын театр әлемін сүймейтін жан жоқ шығар.

Алданыш ОЛЖАБАЕВА,
журналистика кафедрасының студенті

Киіз үйге кірмеген жан көп шығар...

Көп адам киіз үйді тек теледидардан ғана көрген шығар. Біразы мәдени іс-шаралар мен көрмелерде сырттай тамашалаған болуы керек. Ал мен киіз үйге кірдім, тіпті ақсақалдардың әңгімесін тыңдап, еттен жеп, қымыз ішкенмін. Ол былай болған еді. Бала күнімде ата-әжеме әр демалыс сайын баратынмын. Бір жазғы демалыста көкемнің ескі «Газ 53» көлігіне мініп ата әжеге келдім. Шамасы 6-7 жастамын. Теміртаудан орыс болып келіп, қазақтандырылып жатқан кезім ғой. Содан ары қарай еміс-еміс есімде. Бір күні үйге бір жас бала келіп, көк атты шарбаққа байлап жатты. Мен аузым ашылып қарап тұрмын. Ол кезде жабағылар бізге үлкен аттай көрінетін еді ғой. Содан жас жігіт қамшысын етігіне салып, маңдайын бір сүртіп



-Ассалаумағалейкум, Асеке! - деп атаммен амандасты. Әжем: -Кел, айналайын айран іш- деп үйге кіргізді. Құйып берген бір орта кесе айранды наныммен ішіп алған жігіт: -Асеке, мені таныдыңыз ба? Қай бір жылы біздің үйге жылқы іздеп келіп кетіп едіңіз ғой деді. Атам тани қоймады ау деймін..

-Жылқы іздеп талай үйге бардық қой деді.

-Асеке, Құрманбек құрдасыңыздың кенжесімін ғой, Сізді іздеп келіп отырмын. Ертең үйге әкемізбен бірге қой баққан құрдастары келгелі жатыр, сізді арнайы шақырды, сіз де колхозда болған екенсіз ғой-деді.

Атам: - Мейлі шырағым барамыз ғой-деді. Осы уақытты мен де шыдамай: «Мен де барам ба?»-деп әжеме жалт қарадым. Әжем: «е барасың, барасың атаңнан бұрын сен барасың» деп бір қуантты.

Сөйтіп әлгі жігіт: -Рахмет, апа мен тұрайын айран дәмді екен: деді. Ол уақытта әжем бөтелкеге айранын құйып дайындап қойған еді. Сөйтіп жігіт айранды дорбасына салды да үйден шықты. Артынан мен де ілесе шықтым.

Жігіт атына секіріп мінді де:

-Нешедесің?-деді маған қарап.

-Алты жарымда дедім мен.

Жігіт күлді де үй артындағы қырдағы жолмен үйіне тартты.


Маған ертеңгі күнге дейін уақыт өтпей кетті. Ары аунап, бері аунап түнде де жөнді ұйқы болған жоқ. Зорға ұйықтап көзімді ашсам әжемдер малдарды жайғастырып жатыр екен. Атам сиырды өріске айдап кеткен екен. Оған уайымдап атам мені ертпей кетіп қалды екен деп әжемнен атам қайда кеткенін сұрадым. Әжем: -О немеңе, менсіз кетті деп қорқып кеттің бе? деді күліп. Мен де күлдім. Сөйтсем атам сиыр айдауға кеткенін ұмытып кеткен екенмін. Атам келіп асықпай таңғы асын ішті. Қонаққа барамыз дегенді естіп алған 6 жасар балаға ас батады дейсің бе?!

Содан атамның алдына мінгесіп, дәу қара есекпен жолға шықтық. Мен мезбін. Қырсыққанда жол да ұзарып кетті. Жолшыбай атам «Қашан жетеміз? Жақындап қалдық па деп? дегбірін алдым. Жолда аяқ киімім түсіп қалыпты, оны кеш білдім. Атама айтып едім: -Қоя бер, қайтарда алармыз деді. Әйтеуір Құрманбек ақсақалдың үй жағы көрінгенде, есек артынан ілесіп келе жатқан сырттан атты итіміз жүгіріп сол үйге қарай кетті. Мен, - Жеттік

пе? деп тағы да сұрай бастадым. Алыстан қарағанда киіз үйдің сыртында адам көрмедік. Сырттанымыз бара салып сол үйдің иттерімен ырылдасып, иіскелесіп кетті. Иттердің үрген дауысынан үй ішіндегілер біз келгенімізді білгендей сыртқа шықты. Бізді Құрманбек ақсақалдың өзі қарсы алды. Мен киіз үйден шыққан өзіммен қатар ұл-қыздармен танысып, сыртта иттерімізді жарыстырып ойнап кеттік. Бір уақытта киіз үйден, бір жас жеңгей шығып (кешегі жас жігіттің келіншегі ау шамасы) «Балалар, кіріңдер тамақ жейміз» деп шақырды. Кіре сала атамның қасына бардым. Кешегі жас жігіт ет турап жатып жатып, атама жілік, маған қабырға сүйегін берді. Содан ас үстінде түрлі қызықтар, аңыздар айтылды. Атам аңға шыққандарын, қасқыр атқандарып айтып отырды. Жалпы әңгімелердің бәрі маған қызық болды. Асты жеп болып ақсақалдар киіз үйден он-он бес метр жердегі талдың көлеңкесіне әңгімелесуге кетті. Атам маған ойнап жүре бер деді. Ақсақалдардың әңгімелері де бір қызық екен ғой шіркін. Тыңдай бергің келеді. Бір кезде жаңағы жеңгем көпшілікті шайға шақырды. Киіз үйге кірсек дастарханда бәрі бар, астың түр-түрін жайнатып тастапты. Бәріміз отырып шәй іштік.

Бір кезде киіз үй сыртынан аттың кісінегені естілді. Сөйтсек ол Құрманбек ақсақалдың немересі екен. Киіз үйге басын сұғып бір жымыып: -Ассалаумағалейкум деп сәлемдесті. Табалдырыққа отыра сала керзі етігін шешуге кірісті. Қолын шайып келіп, төрдегі ақсақалдармен кезек кезек амандасты да, қалтасына салған шүберекті ашып, ішінен таудың пиязын алып шықты. Таудың пиязы қандай болатынын мен сол кезде көріп едім. «Ителгі сайдан жылқы айдап түсіп едім, жолдың шетінде өсіп тұр екен» деп ақсақалдарға ұсынды. Киіз үйдегі шәй ұзаққа созылды.

Біз бала-шаға болып сыртқа шығып есекке міндік. Бұлаққа барып суын іштік, әбден сілеміз қатқанша ойнадық. Шаршап қайта киіз үйге кірсем атам етігін киіп жатыр екен. Жас жеңгем атамның дорбасына дастарханнан бауырсақ, кәмпиттерді салып жатыр. Қайтқалы жатқанымызды бірден білдім. Сосын бірден есекке барып ер тоқымдарын дайындай бердім. Қонақтармен қимай қоштастық. Атам есекке мініп мені алдына мінгестіріп, үйге қарай тарттық. Жол бойы атам көңілденіп, әнін айтып келе жатты. Үй жаққа жақындағанда менің аяқ



киімім шөптің арасынан көрінді. Атам есекті тоқтатып, қолындағы таяғымен аяқ киімімді іліп алып дорбасына салды. Солай күн бата үйге де келдік.

Осылай бала күнімде Құрманбек ақсақалдың киіз үйіне қонақ болып барғанымыз есіме түсіп кетті. Киіз үй іші кең әрі қоңыр салқын болады екен. Жалпы балалық шағымда осындай риясыз көңілден қыдырып, киіз үйге қонақ болғанымға қуандым. Астан тоя жеп, ақсақалдардың өмірлік азық болар мәнді де мағыналы әңгімелерін тыңдап қайтанымның өзі неге тұрады?!

Дидар АСЫЛХАНОВ,
2-курс студенті

СТУДЕНТ ОЙЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

КҮЗ ДЕ КЕЛДІ КӨҢІЛГЕ БІР МҰҢ СЫЙЛАП...

Әдеттегідей үш қасық құмшекерді кофе-ме салдым да, ас үйдің терезесін аштым. Қала қайнаған тіршілік дауысынан тасаға шыққандай, үнсіз күй танытты. Үстелден құлақты кесемді алдым да, терезе маңына қайта келдім. Биік-биік зәулім үйлердің арасын әжемнің адыраспанына ұқсаған тұман аралап жүр. Аздап ылғалды салқын да бар көрінеді. Кофемнен ұрттап алып, төменге қарай көз жүгірттім. Жетінші қабаттан төмен қарап, күз келіп жаз кеткеніне ұзақ күрсіндім.

-Әй адамдар ай! Расында да осы адамзатқа ештеңе жақпайды.

Кеше ғана жаздан жалығып, күздің келгенін асыға күткен Дидардың тұрысын қара...:-деп өз эмоцияма қарсы шықтым. Иә! Мен тамыздың аяқталғанын асыға күтіп, күзге қатты асықтым. Себебі күзде бізді белгісіз жаңалықтар, белгісіз адамдар күтіп тұрған еді. Адам өзі естімеген, көрмеген затына қашан да ынтызар болмай ма?!

Екінші курс қой сондағы асыққаным.

-Келді! Иә, иә келді! Қазір екінші курспын, шүкір оқудың екінші айын аяқтап жатырмыз. Бүгін ертеңгіге асығып, ертең бүгінгіні ойлап отырады екенбіз ғой иісі адамзат.

-Жә, адамдарды қойшы, маған түк жақпайды. Сонша асығып екінші курсқа келіп алып, енді уақыттың тез өтіп кеткенін ойлап тағы күрсініп отырмын.

Жазда жоспарымның біреуі орындалмағанына ішім де ашып қояды.

Мейлі өмір ғой! Ал енді күз келді, кеше еккен көшетің бүгін көлеңкелі тал, уақыт зымырауда. Бірақ осы күзге деп



күрған ешқандай жоспар жоқ секілді. Қоңыр күз көктемнің шуақты күндері берген күш қуатты тартып алғандай. Алып ұшып тұруға ауа райы да көмегін бермейді. Әр нәрсені бір ойлап, сол ойды әрекетке мініп қуып жете алмай қалатынымыз да осы мезгілдің көрінісі секілді. Адам ойы тоқтан жылдам ғой, жаңа ғана жазда еш жұмыс бітірмедім деп ойлап отыр едім, қазір күзді жыр қылып отырмын. Қойшы құрығыр, мұңаюда жақпайды мен тырысқаққа. Істің бәрін күз деп орындамай қарыныңның тоқтығымен күнелте берсең, кімге пайдаң тиер. Оқу керек, күзді әңгіме қылып отырардай асарын асап, жасарын жасап кітап жазып отырған жоқпын ғой. Күз де Құдай тағаланың бізге берген тосын сыйы ғой. Бұл мезгілді де жақтырмай жүргенде алдымыз қыс қой. Бәрібір адамға дым жақпайды. Осымен үшінші рет:

Өзіммен өзім сөйлесіп назарды кофеме аударып, ұрттай қалсам, ыстығы ұшып кетіпті. Сораптап отыратын кофені, жаздың күні шөптен қайтқандағы ішетін әжемнің піскен айраны сияқты көтере салдым. Осы құлақты кесеммен басталған ойлар құлақты кесенің ішінде қалып қойғандай болды. Бір екі сыбыр сөзімді айтып, бетімді сипаладым да бөлмеге кірдім. Бұрышта тұрған гитараны алып енді үнін дұрыстай бергенде, нағашы әжемнің қорылы естілді. Бір жымидым да:

- «Қой оятпайын қазір шақырып алып, анау қайда? мынау қайда? деп сұрай береді дедім де, жастығымды құшақтап жатып қалдым.....



Дидар АСЫЛХАНОВ
Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар факультетінің 2 курс студенті

СЕНТЯБРЬСКОЕ УТРО

Будильник, 8:00. Рутинное начало моего любого буднего дня. Студенчество учит за полчаса собраться и даже успеть что-то перекусить, и вот, ты уже на остановке. Стоишь, с такими же, как ты, которые спешат не меньше тебя. Одни и те же лица, каждый божий день. А ведь, я и понятия не имела, что это утро запомнится мне на всю жизнь...

В наушниках «нет дела» группы Сестры. Идеально для серого утра. Поток мыслей прерывает чувство, будто кто-то тебя сверлит взглядом, знаете, это пристальное наблюдение со стороны? Я вынула наушник, чтобы внимательно приглядеться в ответ. Это была юная женщина. Да, именно так. Странное определение, обычно так не говорят, но посмотрев на неё, именно такое описание пришло в голову. Юная, потому что по ней видно, что она девчонка лет 17-19. А женщина, потому что эти

глаза выдавали ее нелегкую ношу, казалось, беззаботность молодости ее не коснулась и она сразу переросла в женщину.

Ее хрупкие руки объяли младенца. Он был весь укутан, хотя на улице было не так холодно. Зажимаясь, она выдала что-то «аптека, каз тез барып келем, кәтере тұрасыз ба» не успела она договорить, я и не заметила, как малыш был уже у меня на руках. Не то чтобы что-то сказать, я и отреагировать не успела. Дело 6 секунд и я уже смотрю за ней в след, как она перебегает дорогу. Переварив ситуацию и заметив 15 автобус, я резко осознала, что я вообще-то направлялась на учебу. Это полбеда, меня бросило в дрожь от мысли, что скорее всего опоздаю, а опоздаю я на пару, мягко говоря, непростого человека. Это пустяки, подумала я, вспомнив, что у меня на руках ребенок и я ответственна за неё или за него. Господи, я и имени не знаю. Собравшись, я присела и терпеливо ждала, как было мне велено, временами поглядывая на чудо, которое спокойно сопело.

Прошло минут 15 и мое терпение постепенно сменялось на волнение и страх. Напряжение нарастало из-за бесконечных уведомлений на телефоне. Асылай уже трезвонит, мне почему-то брать не хотелось. Что я скажу? Мне легче объяснить потом, когда буду спокойна. Люди потоком исчезали, как и появлялись. Меня уже не

волнует, какой автобус приехал. Все стало лишь фоном, я в себе. Прошло полчаса и мне стало страшно. Да, я уже не нервничала, а боялась. Что с ней? Она бросила ребёнка мне? Я что, в каком то драматическом кино? — мучали меня вопросы.

Уже не медля, буквально прижав к себе малыша, я уверенно потопала в сторону той самой аптеки. Мне казалось, что я уже ничего не вижу кроме нее. Как будто все вокруг размыто, превратилось в массу и слились между собой. Добравшись и игнорируя стоящих в очереди, я сразу привлекла внимание. Впопыхах описывая ту юную женщину, как я ее прозвала. Получила гласное: «нет, такая за сегодня не являлась, вы задерживаете очередь, пройдите дальше, девушка!» Опустив голову, я выбежала из этой злосчастной аптеки. Боже, мне хотелось кричать и выть. В панике я кручу головой, всма-

триваясь на всех прохожих, в надежде увидеть ее. Пяти минутное помутнение длилось вечность.

Что ж, принимаю ситуацию и наконец, включаю в себе взрослого человека. Звоню в полицию и доношу случившееся. Снова ожидание. Малыш герой, который сладко спал и будто не чувствовал эту бурю эмоций во мне. Люди в синем уже прибыли и забрали меня в участок. Именно там все завершилось, меня удивил их профессионализм, раньше недооценивала, ибо авторитетность у них в нашей стране, увы, никакая. Закончив все формальности и вручив младенца, к которому я уже испытывала особенный трепет, я выдохнув, покинула участок. Дальнейшая судьба ребёнка мне неизвестна, наверное, так даже лучше. Юную женщину не вправе

осуждать, надеюсь, она одумалась. Всем сердцем желаю ей терпения и сил. Не знаю, что и думать. Единственное, что поняла — разнообразность жизни. Каждый из нас проживает свою внутреннюю борьбу. Мы можем лишь быть равнодушными к трудностям друга. Кто знает, что нас ждёт завтра...

Нурай ИСАЕВА,
студент



ОСЕНЬ - ЭТО ПОСЛЕДНЯЯ САМАЯ ЯРКАЯ УЛЫБКА ГОДА

Раньше я думала, что у меня нет любимого сезона, но с годами именно осень заселилась в укромном месте моей души. Красивое загадочное время года, когда на улице холодает, а тебе от этого лишь теплей. Для меня красота осени не только в ее природном окрасе, но и в людях, которые достают свои истые вещи: кардиганы, длинные платья, брюки, кофты, а пальто и сапожки становятся неотъемлемой частью осеннего гардероба. Золотая пора будто задаёт свой стиль, такой элегантный и строгий, тона, которых перекликаются с приглушенными оттенками. На улицах все сливаются с природными цветами листопадного периода. Это больше, чем красиво. Сразу чувствуется, что у сезона свой почерк и люди его принимают. Чего стоит осенний дождь, когда ты видишь, что каждый с огромным зонтом и тебя окутывает с ног до головы эта атмосфера.

Октябрьские вечера ассоциируются с пледом и горячим шоколадом, когда ты укутываешься за просмотром любимых фильмов и тебе просто хорошо. Наверное, у многих есть свой набор кино, которые пересматриваются каждый год. Сумерки, Гарри Поттер и отчаянные домохозяйки – вот мои фавориты.

Если капнуть глубже, ты понимаешь, как Всевышний все продумал, детализировал. Вы сможете представить мир без этой поры? Я – нет. Сезон, который цепляет, меняет, окутывает и очаровывает. Будто сменяется обложка и все переступают на новую главу. Осень незаметно настигая, маняще заглывает в собственную волну и ты уже чувствуешь ее в себе. Это ли не чудо?

Нурай ИСАЕВА
студент 2 курса



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ ÖĞRENCİSİ KAZAKISTAN CUMHURBAŞKANI KASIM CÖMERT TOKAYEV'İN TEŞEKKÜR MEKTUBU VE ROZETİ İLE ÖDÜLLENDİRİLDİ

Üniversitemiz Spor ve Sanat Fakültesi 4. sınıf öğrencisi Boglarka FEHER, Kazakistan Cumhurbaşkanı Kasım Cömert TOKAYEV'in teşekkür mektubu ve rozeti ile ödüllendirildi

Macaristan vatandaşı olan Boglarka FEHER'in Kazak diline ve kültürüne özel bir sevgisi ve ilgisi var; profesyonel düzeyde kopuz ve dombra çalıyor. Şu anda Üniversitemizde «Geleneksel Müzik Sanatı» dalında öğrenim görmekte olan FEHER, gelecekte Kazak millî enstrümanlarını daha iyi öğrenmek üzere eğitimine devam etmeyi planlıyor.

Kazakistan Cumhurbaşkanı Kasım Cömert TOKAYEV de Boglarka'nın Kazak kültürünü ve geleneklerini temsil etme isteğini takdir ederek, kendisine özel bir teşekkür mektubu ve rozet gönderdi. Öğrencimiz Boglarka FEHER'e ödülünü, 25 Ekim Cumhuriyet Bayramı dolayısıyla düzenlenen kutlama töreninde Türkistan Eyalet Valisi Darhan SATIPALDI verdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE TÜRKİYE CUMHURİYETİ'NİN 100. YILI KUTLANDI

Ahmet Yesevi Üniversitesinde Cumhuriyet Bayramı; 31.10.2023 Salı günü, Cumhuriyetimizin 100. yıl dönümü münasebetiyle düzenlenen törenle kutlandı. Tören programı, saygı duruşu ve ardından her iki ülkenin millî marşlarının okunmasıyla başladı. Açış konuşmaları, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA ve Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami BATTAL tarafından yapıldı. Tören, Öğretim Görevlisi Eren AKDENİZ tarafından Cumhuriyet Bayramı'nın anlam ve önemini anlatan konuşmanın yapılması ve akabinde video gösterimiyle devam etti. Üniversitemiz Sahne Sanatları ve Tiyatro Bölümü öğrencileri tarafından hazırlanan tiyatro oyunuyla sona eren törende kapanış toplu anı fotoğrafı çekimi ile yapıldı.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE “X. ULUSLARARASI TÜRKOLOJİ KONGRESİ” SONA ERDİ



Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü tarafından düzenlenen ve üç gün süren X. Uluslararası Türkoloji Kongresi'ne Kazakistan, Türkiye, Azerbaycan, Özbekistan, Türkmenistan, Bosna Hersek, İran, Şilive Rusya Federasyonu'ndan katılan bilim insanları tarafından 162 bildiri sunulup tartışıldı.



Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin ev sahipliğinde düzenlenen “X. Uluslararası Türkoloji Kongresi” 19 Ekim 2023 tarihinde yapılan kapanış ve değerlendirme oturumunun ardından anı fotoğrafı çekimi ile sona erdi.

ТҰТЫНУШЫ, ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Бәріміз де түрлі тауарлар мен қызметтерді тұтынып жатамыз. Біз – сатып алушымыз, пациентпіз, жолаушымыз, клиентпіз, оқырманбыз, демек тұтынушымыз. Әрбір адам сауатты, өркениетті тұтынушы болу, сондай-ақ тұтынушылық құқығы мен мүддесін қорғай алу үшін қажетті білімге ие болуы керек. Өкінішке қарай, еліміздің тұрғындары тауарларды сатып алу мен қызметтерді пайдалану барысында сапасыз тауарларға немесе сатушы мен қызмет көрсетуші тарапынан болатын жауапсыздыққа ұрынып жатады.

Бұл – тұтынушы құқығы жиі бұзылады деген сөз. Ал бізде тұтынушы құқығы қалай қорғалып жүр? Өз құқығымызды білеміз бе?

Түркістан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүктелген міндеттердің бірі – ақпарат беру және сауаттандыру. Бұл бағытта департамент мамандары түрлі шаралар ұйымдастырып келеді. Иә, халықтың тұтынушы ретінде өз құқықтарын білгені өте маңызды. Олай болса, бұл іске біз де өз үлесімізді қосайық. Қазір дүние жүзі мемлекеттерінің заңдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Тұтынушылар құқығын қорғаудағы негізгі қағидаларды басшылыққа алады.

Ол қағидалар – тауардың қауіпсіздігі, ақпарат құқығы, тауарды таңдау құқығы, өз мүдденді жеткізе алу (шағымыңды жеткізу) құқығы, негізгі қажеттіліктеріңді қанағаттандыра алу, шығынның орнын жабу, тұтынушыларды сауаттандыру, салауатты қоршаған орта.

Ал біздің елімізде тұтынушылардың заң бойынша төмендегідей құқықтары бар:

1) тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасу;
2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ағарту және тұтынушының өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде құқықтық сауаттылығын арттыру;

3) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алу;

4) қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу;

5) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдау;

6) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;

7) тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алу немесе қайтарып беру;

8) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтету;

9) сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) фактісін растайтын құжатты немесе тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) кезінде жасалған шартты алу;

10) ұтыс түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы бойынша ойындардың бастамашысына (ұйымдастырушысына) кінә қою;

11) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құру;

12) моральдық зиянды өтету;

13) құқықтары мен заңды қорғау;

14) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыра алады. Сіздің, тұтынушы ретінде құқығыңыз бұзылған жағдайда Түркістан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгіне аласыз!

Түркістан қаласы, жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 16 ғимарат, А-блок, 4-қабат, 427



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

ҒАЛАМТОРСЫЗ «ҒАЛАМ»

смартфонға тәуелділіктің пайдасы мен зияны жайында

Иә, қазір бәріміздің қолымызда заманауи смартфондар. Тіптен өмірімізді ғаламторсыз елестету мүмкін емес. Телефон арқылы онлайн табыс тауып отырған жандар үшін интернет үлкен табыс көзіне айналды. Әрине, ғаламтордың пайдасымен қатар зияны бар екенін айтпасақ та белгілі. Тіпті, телефон қазіргі жастардың рухани дерті. Ұялы телефон өзін қатарлы 14-25 жас аралығындағы жастардың жақын досына айналды десем де болады. Уақытымыздың көп бөлігі әлеуметтік желідегі парақшаларды қараумен өтетіндіктен, кештің қалай болғанын байқамай да қаламыз. Кейде таң атқанша ғаламтордың сол бір қызығынан шыға алмай, жастанып жататынымыз тағы бар. Осылайша денсаулығымыз бен қоса өмірімізді болмашы дүниелерге құртып жатырмыз. Дәл қазіргі сәт біз үшін үлкен мүмкіндік. Яғни, нағыз дамиды, білім алатын, білмейтінімізді біліп, білетінімізді жетілдіретін жалындаған жастық шағымыз. Сол себепті уақытымызды босқа құртпай өзіміз үшін пайдалы дүниемен шұғылдандық болар еді.

Ғаламтордан алшақтау менталитетке байланысты. Ұлттық рух мықты болуы керек. Егер ұлттық рух әлсіз болса сыртқы еліктеушіліктер көбейеді. Дамыған елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, осы індетпен күресуімізге болады. Мысалы, озық технологиялы Жапония елінде ғаламтордан гөрі кітапты көбірек пайдаланады. Қанша мықты дамыған ел болса да газет оқу, баспадан газет, журнал шығару жылдан-жылға қарқынды дамып келеді. Жапондықтар газеттерді сенімді ақпарат көзі деп біледі. Ал, біз бұл дерттен қалай құтыламыз? Әрине, өзім де жас болғандықтан қатарластарымның қазіргі жағдайы мен үшін таңсық дүние емес. Кейде өзім де телефонға кіріп кетіп, күнімнің қалай бос өтіп кеткенін білмей қаламын. Осындай кезде біз ең алдымен, өз-өзімізбен күресе білуіміз керек. Әлеуметтік желіде өзіміз үшін пайдасыз адамдардың өміріне қызығып қарап отырумен емес, өз өміріміздің қызықты әрі пайдалы өтуіне жағдай жасайық. Өзіңіздің парақшаңызға

кіріп қандай адамдарға тіркеліп, кімдерді көріп жүргеніңізге назар аударыңыз. Егер ол парақшалар сізге пайдасын бермейтін болса, асыл уақытыңызды текке құртып жүргеніңізді ұмытпаңыз! Ондай аккаунттардан бойды аулақ салғаныңыз жөн.

Мен жатар уақытта телефонымды үнемі төсегімнен алыс қойып қоюға және таңғы уақытымды телефонсыз бастауға тырысамын. Ғаламтордан ажырап кетпесек те, дұрыс пайдалану жолында өзіммен замандас жастарға кішігірім кеңесіммен бөлісуді жөн көрдім:

1. Қызығушылығыңызды табыңыз. Иә, өзіңіз сүйіп жасайтын ісіңізбен айналысқанда телефонға артық уақыт құртпайсыз.

2. Жоспармен жүру. Ертеңгі күніңізге жоспар құрып жатуды әдетке айналдырыңыз. Соның ішінде қанша уақытыңызды әлеуметтік желіге арнайтыныңызды жазып қойыңыз. Ол барлық күніңіздің пайдалы өтуіне көмектеседі.

3. Кітап оқу. Кітап оқу - қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.

4. Табиғатпен байланыс орнату. Интернеттен алшақтаудың бір амалы таза ауа, әсем табиғатта демалу, тарихи жерлерге саяхат жасау.

Жоғарыда мен атап кеткен кеңестер кәделеріңізге асып жатса қуаныштымын. Интернеттен бір сәт

алшақтап, салауаттылықты ту етіп ұстай отырып, пайдалы істермен айналысайық! Жеңістерге қадам басайық. Интернеттің әлегіне шырмалмай, пайдалы жағын ғана алуға болатындығын түсіндіруге тырыстым деп ойлаймын.

Ғаламторды дұрыс пайдалана білсек, тек өзімізге керекті пайдалы ақпараттарды алуға, білімімізді толықтыруға тағы да басқа даму жолында қолдансақ, интернеттің зиянын көрмеспіз. Бәрі өз қолында, жас дос!

Зағипа ӘБЕН,
4-курс студенті

*Ой- түрткі

СӨЗІМІЗ ТҮЗЕЛМЕСЕ, ЕЛІМІЗ ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Дана халқымыз «Сөз сүйектен өтеді» деп, бекер айтпаса керек. Тілімізден шыққан әр сөзіміздің күші бар. Аузым бар екен деп, сөйлей беру әдепті, арлы адамның әрекеті емес. Адамдар бүкіл ойын сөзбен жеткізеді. Өмір болған соң бір-бірімізбен сөзге келіп, ренжісетін кездеріміз болады. Содан болар, «Жақсы сөз жарым ырыс» дегені. Үйдегі қариялар аузыңнан үнемі жақсы сөз шықсын, өйткені, періште «әумин» деп қалса, сол орындалады деп шай үстінде де айтатын еді. Психологтардың айтуынша: әрбір ойдың өзі бумеранг секілді өзіңе айналып келіп отыратын болғандықтан, жақсы сөйлеп, жақсы ойлау керек расында. Тіпті, ауыр сөзге қатысты мына бір сөздің өзі де жақсы көрсеткендей. Жебе салған жара жазылар, балтамен оталған орман қайта өсер, бірақ ащы тілдің жарасы жазылмас. Яғни, қатты айту, ауыр сөз сөйлеу қадіріңізді кетіреді, сыйластықты азайтады. Ал, нәрлі де дәмді сөз қашан да есте қалары анық. Пікірі бар, ойы бар, отырған жұрттың көкейінен шыққан сөздер ғана қадірлі болады.

Қазіргі кезде заманына қарай бейімделген жастар көптеген уақыттарын әлеуметтік желіде өткізеді. Болашақ ұрпақтар арасында қазіргі таңда құлшыныс өте аз. Біз шынында да, көркем әдебиет шығармаларына қызығушылық барған сайын азайып келе жатқанын еріксіз мойындауымызға тура келеді. Қазақты оятқан Абай атамиздың «Қара сөздері» осыны оқыған әрбір қазақтың рухы биік санасы жоғары болары анық. Әлемді, білім мен ғылымды жылжытатын кітап оқитын адам. Алдымен сөзіміз түзелмесе, еліміз түзелмейтіні белгілі.

Ақбота ӘЙБЕШ,
Журналистика бөлімінің 4-курс студенті

<p>Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p> <p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <p>Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА</p> <p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.</p>	<p>Медиа және PR орталығы:</p> <p>журналистер: «Журналистика» кафедрасының студенттері</p> <p>Фото маманы: Нахып ШЫНТЕМИРОВ</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.</p>	<p>Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p> <p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>
--	---	---	--